




Д. С. Байгунаков

# ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ІС



Алматы 2013

Оқу құралы

Д. С. Байгунаков

# ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ІС

*Оқу құралы*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2013

ӘОЖ 338.482.22

ҚБЖ 75.81

Б 17

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

### **Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Х. А. Сүтеева**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор **С. О. Смағұлова**  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **Г. Е. Сабденова**

### **Байгунаков Д.С.**

Б 17 Экскурсиялық іс: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 148 б.

**ISBN 978-601-04-0173-0**

Оқу құралында экскурсиялық істің тарихы, дамуы және бүгінгі таңдағы өзекті мәселелері, экскурсия жүргізе білудің қырсыры, міндеттері, негізгі сауалдары қарастырылған.

Оқу құралы тарих факультеттеріндегі «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының студенттеріне, магистранттарына, сондай-ақ музей қызметкерлеріне, музей ісіне қызығушылық танытушы көпшілік қауымға арналған.

**ӘОЖ 338.482.22**

**ҚБЖ 75.81**

ISBN 978-601-04-0173-0

© Д.С. Байгунаков, 2013  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

---

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ .....	3
<b>I. ЭКСКУРСИЯ ІСІНІҢ НЕГІЗІ</b>	
1.1. Қазақстандағы экскурсиялық істің тарихы.....	5
1.2. Экскурсиялық іс ғылым ретінде.....	14
1.3. Экскурсияның мәні.....	17
1.4. Экскурсия қызметі мен белгілері.....	20
1.5. Экскурсиялық таным әдісі.....	22
1.6. Экскурсия педагогикалық үдеріс ретінде .....	24
1.7. Экскурсиядағы психология элементтері .....	25
1.8. Экскурсиядағы индукциялық және дедукциялық таным әдістері .....	30
1.9. Экскурсиядағы логика.....	32
1.10. Экскурсияның сыныптамасы .....	36
1.11. Экскурсиядағы көрсетілім.....	41
1.12. Экскурсиядағы әңгіме-баян.....	48
<b>II. ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕ</b>	
2.1. Экскурсиялық әдістеме және оны жетілдіру жолдары.....	54
2.2. Жаңа экскурсияны дайындау технологиясы.....	57
2.3. Экскурсия жүргізу техникасы.....	61
<b>III. ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІ ЖӘНЕ ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ІС</b>	
3.1. Қазақстандағы экскурсиялық ісі дамыған музейлер ....	68

3.2. Қазақстан музейлерінде ақпараттық-қатынас  
технологияларын пайдалану және экскурсиялық іс ..88

ҚОРЫТЫНДЫ.....96

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ..... 101

ҚОСЫМШАЛАР ..... 103

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы..... 103

Термин сөздерге түсінік..... 132

Экскурсия тақырыбына керекті құжаттар ..... 135

«Экскурсиялық іс» пәні бойынша тест сұрақтары..... 137

---

## АЛҒЫ СӨЗ

Музей – экскурсиялық істен басталады. Себебі музейге келуші өзін қызықтырған мәселеге қатысты толымды ақпараттар желісін ең алдымен экскурсия жүргізушіден ала алады. Әрине, қазіргі кезде «экскурсия» сөзінің ауқымы кең, дегенмен, экскурсия өзегі музейде жатқандықтан, айтылатын әңгіме де содан басталуы тиіс. Жалпы алғанда, музейлер – жәдігерлер мен топтамаларды (коллекцияларды) сақтау, зерделеу және көпшілікке көрсету үшін құрылған, мәдени, білім беру және ғылыми-зерттеу функцияларды жүзеге асыруға және елдің тарихи-мәдени мұрасын көпшілікке танытуды қамтамасыз етуге тиіс мәдениет орындары. Олар туризмнің ажырамас бір бөлшегі іспеттес. Себебі турист қалаға келіп, оның архитектурасы мен тарихи ескерткіштерін тамашалап қана қоймайды, міндетті түрде қала музейлеріне кіреді де, көрнекі құралдар негізінде ел мен өлке тарихына қатысты жайттардан мол да қызықты мағлұматтар легін ала алады. Сондықтан музейлер жыл сайын ағылып жатқан туристердің міндетті түрде баратын «қасиетті» орнына айналған деуге де саады.

Әлемдегі өркениетті елдердің барлығында музей ісі жақсы жолға қойылғандығын, бір қалада ондаған музейлердің жұмыс стеуінен де аңғаруға болады. Келген туристерге ұсынылатын музейлердің түрлері де, тақырыптары мен жәдігерлері де әр алуан.

Қазіргі жаһандану заманында туризм саласының қарқынды дамуы, туристерге сапалы қызмет көрсететін жоғары білікті мамандарды даярлауды талап етіп те отыр. Әлемде білім берудің

осы бағытында «аймақтану», «елтану», «туристік іс», «туризм және экскурсиялық іс» сынды бірнеше мамандықтар бар. Сонымен қатар, «Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы бойынша да музейтанушылар даярлану үстінде. Мұның өзі, біздің елімізде де туризмге кеңінен назар аударылып, оны жетілдіру, оның сапасын арттыру, түрлі тетіктерін дамыту жолға қойылып келе жатқандығын айқын аңғартады. Егер білім беру ісінің бағдарламасына жүгінсек, аталмыш мамандыққа даярлауда музей ісіне қатысты алуан түрлі кәсіби және элективті пәндер оқытылады. Алайда мемлекеттік білім беру ісінде мемлекеттік тілдегі оқу құралдары мен оқулықтар жетіспей жататындығы да жасырын емес. Олардың қатарына музейдегі экскурсиялық қызметтің негізін үйрететін осы «Экскурсиялық іс» пәні де кіреді.

Бүгінгі күні әлемде музей ісі әлеуметтік институт ретінде мәдени мұраны тек сақтап қана қоймай, сонымен бірге қоғамдық өмірге, білім беру ісіне, оқыту үдерісіне белсенді түрде араласып келеді. Музейлерге қатысты мұндай ой-өлшемдер шетелдерде өткен ғасырдың 60-70-жылдары түбегейлі өзгерген болатын. Осы кездерден бастап музейдің қоғамдық тәлім-тәрбие мен іргелі ғылымдағы, оқу үрдісі мен өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі орны таразыланып, оны әмбебап мекеме дәрежесіне көтерген ғалымдардың қызықты да тартымды еңбектерінің жариялана бастауы жолға қойылды. Бұл еңбектердегі негізгі тұжырымдамалар еліміз тәуелсіздік алғаннан соң бізге де жетті, қазақстандық зерттеушілер де музейдің мәдени-білім берудегі рөліне баса назар аударып, оның әмбебап қызметін жан-жақты пайдалану жолдарын қарастыруға араласып кетті. Мұның өзі ақпараттық технологиялардың дамуымен, инновациялық идеялармен, музейге қатысты әлемдік жаһандану үрдістерімен тікелей астасып жатуынан туындаған дүниелер еді. Нәтижесінде отандық музейлер әлемдегі музейді жабдықтау мен оны пайдаланудың озық үлгілерін бойына сіңірді. Ендігі кезекте музейге келген көрермендерге сапалы қызмет көрсету жағын жолға қоюдың қажеттілігі де байқалуда.

Мұны кеңестік және шетелдік бірқатар авторлар өз еңбектерінде көрсетіп кеткен болатын. Олардың еңбектері басшылыққа алынып жазылған бұл оқу құралында экскурсияны дайындау, оны ұйымдастыру мен жүргізу әдістері жан-жақты көрсетілген. Курсты оқыған студент, магистрант экскурсиялық іске ғана емес, сонымен қатар музейтануға қатысты мол мәліметтерді игереді. Әрбір дәріс соңында тақырыпты бекітуге арналған бақылау сұрақтары берілген, кітап соңында қосымшалар (термин сөздерге түсінік, тест, т.б.) да бар. Олар оқырманға материалдарды кеңінен меңгеруге септігін тигізеді деген ойдамыз.

---

## **I. ЭКСКУРСИЯ ІСІНІҢ НЕГІЗІ**

### **1.1. Қазақстандағы экскурсиялық істің тарихы**

Экскурсиялық істің қалыптасуы, дамуы мен өрлеуі музейлердің тарихымен тікелей астасып жатыр. Экскурсияның шығуына себепшілік танытқан өткен ғасырлардың қоғамдық өмірі десе де болады. Бұл бірінші кезекте бірқатар қалаларда музейлердің ашылуынан да байқалады. Қазақстан аумағында тұңғыш рет музейдің ашылуын 1831 жылдан бастаған жөн. Себебі осы жылы Орынбор қаласындағы Неплюев әскери училищесінде Орынбор өлкесінің музейі (қазіргі ҚР Орталық Мемлекеттік музейі) ашылған еді. Оның алдында, яғни 1827 жылы Бөкей Ордасында Жәңгір ханның «Қару-жарақ бөлмесі» ұйымдастырылған-ды. 1883 жылы Семейде музейдің ашылуы, еліміздің шығыс аумағындағы елеулі оқиғаға айналды. Сондай-ақ 1906 жылы ағайынды Белослюдовтар Семейде жекеменшік музей ашқан-ды. 1915 жылы Өскеменде де музейжұмыс істеп, халықты қабылдай бастады.

Негізінен алғанда, патшалық Ресей тұсында музейлердің ашылуына, қазақ тарихына қатысты көптеген көрмелердің ұйымдастырылуына Орыс географиялық қоғамының, Орынбор мұрағат комиссиясының белсенді мүшелері (әскери шенеуніктер, орыс зиялылары, Қазақстанға жер аударылған саяси қайраткерлер, т.б.) атсалысты. Мұражайлардың ашылуы экскурсия жүргізу ісін біртіндеп жолға қоя бастады.

Сонымен қатар өткен ғасырлардың белгілі мұғалімдері экскурсияны оқу үдерісінің интерактивті түрі деп санаған. Сондықтан экскурсияға шығу алғашында мектептерде кең қанат

жайды. Тарихи орындарға бару, табиғат аясына шығу, қоршаған ортаны тану секілді іс-шаралардың маңызы зор екендігін озық ойлы мұғалімдер нақты білгендіктен, көпшілігі оқудың осындай белсенді түрін таңдап алып жатты. Оқушылар мен гимназистер музейлерге, тарихи орындарға және сәулет өнері ескерткіштеріне баруының нәтижесінде оқудан тыс экскурсиялар да пайда бола бастады. Десе де, патшалық Ресей тұсындағы Қазақстан мұражайларында экскурсиялық іс айтарлықтай дами қойған жоқ. Оған музейлерде экскурсия жүргізушінің арнайы штатының болмауы немесе аздығы, әдістеменің жетіле қоймауы, т.б. жайттар өзіндік әсерін тигізген еді. Бұл осы кездері бүкіл Ресейге тән құбылыс еді. Мұндай олқылықтардың орнын толтыру үшін мамандар 1910 жылы Мәскеуде «Орталық экскурсиялық комиссия» құрды. Оның негізгі мақсаты оқушылар мен оқытушыларға экскурсиялық қызмет көрсету тұғын. Комиссия мүшелері экскурсиялық істің қыр-сырына үніліп, оның әдістемесін қалыптастыруға атсалыса бастады. Осы жылы «Мектеп экскурсиялары, олардың мәні мен ұйымдастырылуы» атты жинақ басылып шықты, кейіннен аталмыш жинақ 1921 жылы өзектілігіне орай кеңестік баспадан қайтадан жарық көрді.

Жалпы айтқанда, экскурсиялар мемлекеттің түрлі кезеңдерінде өз миссиясын тиянақты түрде атқарып келген. Экскурсиятанудың пән ретінде дамуына Кеңес Одағы тұсында мамандар көп еңбек етті. Оның дамуы педагогика, өлкетану, мұражайтану, туризмнің дамуымен тығыз байланысты болды. Республиканың нақты шекаралары межеленген 1925 жылдарға дейін Кеңес үкіметі Қазақстанда тағы бірнеше музейлер ұйымдастырып, музей ісін дамытуды жолға қойды. Мысалы, 1919 жылы Қостанайда, 1920 жылы Шымкентте, Оралда, Көкшетауда, 1923 жылы Ақмолада, Петропавлда музейлер ашылып, халыққа қызмет көрсете бастады. Сонымен қатар түрлі қоғамдар, одақтар, мысалы, 1918 жылы Мәскеуде «Оқушылар экскурсиялық бюросының орталығы» құрылды. Экскурсиялар туризмнің мәдени танымдық түрі әрі құрама бөлігі ретінде 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басында өрлей бастады. Бұл кездері «саяси-

ағарту жұмыстарына» көп көңіл бөлінді. 1926 жылғы Саяси-ағарту кеңесінің IV съезінің шешімі бойынша, музей экскурсиялары маркстік-лениндік методология шеңберінде жүргізілуі тиіс болды. Ендігі кезекте «бұқаралық саяси-ағарту жұмыстары» атты термин негізінде музей қызметі, соның ішінде экскурсиялық іс жандана түсті. 1928 жылы «Кеңес турисі» атты АҚ құрылды, ол 1930 жылы «Бүкілкеңестік пролетарлық туризм және экскурсияның еркін қоғамы» болып өзгертілді. Көптеген қалаларда Халық ағарту комисариатының экскурсиялық-туристік орталықтары ашылды. 1936 жылдан бастап туризм және экскурсияны дамыту ісі орталықтандырылды.

Мамандардың (Ибраева, т.б.) есептеулеріне қарағанда, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында музей қызметкерлерінің құрамы азайып кеткен. Соғыс кезінде майданға аттандыру, бюджеттің тапшылығына байланысты қысқарту сияқты себептер музейлердің онсыз да аз кадр әлеуетін күрт төмендетіп жіберді. Егер бұрын облыстық тарихи-өлкетану музейлерінде 6-7 адам қызмет етсе, соғыс жылдарында 2-3 адам болып сиреп, музей жұмысы жүрмеді. 1942 жылғы қаңтардағы музей қызметкерлері туралы мәліметтер мынадай: республиканың 13 облысы бойынша барлық қызметкерлер саны – 49 адам, оның ішінде БК(б)П мүшесі – 9 адам, комсомол мүшесі – 3 адам, жоғарғы білімі барлар – 8 адам, орта білімі барлар – 19 адам, аяқталмаған орта білімі барлар – 6 адам, арнайы білімі барлар – 3 адам, төменгі білімі (2, 3 сыныптық) барлар – 7 адам. Ал облыстық музейлердің жағдайы мынадай: Алматы облысы бойынша 5 адамның жоғары білімі жоқ, 2-інде орта білім, 2-і партия мүшесі, 1-і комсомол мүшесі, Батыс Қазақстан облысы бойынша 2 адамның 1-інде орта білімі, екіншісінде аяқталмаған орта білімі болған. Ұлттық құрамы: қазақ – 1 (Қостанай облысы бойынша), орыстар 28, қалғаны басқа ұлт өкілдері. Міне, зерттеушілердің мағлұматы осындай. Бұл соғыс зардаптарынан туындаған жайт еді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін оқу үдерісінде экскурсия кенінен қолданылып, өлкетанушылық жұмыстар дамыды. Облыстарда музейлер ұйымдастырылды. Айта кететін бір жайт, 1950-

1960 жылдары мұражай ісінде «ғылыми-ағартушылық жұмыс» термині кеңінен қолданыла бастады. Мұны музей қызметінің негізі болып табылатын музей пәніне және осы саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтың артуымен түсіндіруге болады. Алайда, музейлер негізгі идеологиялық мекемелердің бірі ретінде саналып келді. Бұған кеңес одағы коммунистік партиясының 1964 жылғы «Еңбекшілерді коммунистік тұрғыдан тәрбиелеудегі музейлердің рөлі туралы», 1982 жылғы «Музейлердің идеялық-тәрбиелік жұмыстарын жақсарту туралы» деген қаулылары да дәлел бола алады. Ендігі жерде келушілерге қызмет көрсету келушілер саны, оқылған дәрістер көлемі мен жүргізілген экскурсиялар бойынша бағаланды. Сөйтіп, экскурсиялық қызметке социалистік құрылысты дәріптеу сынды жұмыстар жүктелді. Дегенмен, 1960-1980 жылдары аудиториямен жұмыс істеу жаңа сапаға көтерілді. Музей жұмысында факультативтер, абонементтер, ауызша журналдар, түрлі фестивальдар, мейрамдар, т.б. ұйымдастырылып, экскурсиялық жұмыстың әдістемесі жетілдірілді. Экскурсия диалог ретінде қарастырылады, ал экскурсант оған белсенді түрде қатысушы болып табылды. Экскурсия барысындағы сұрақ-жауап, түрлі ойын әдістемелері енгізілді, сахналандырылған көріністері орын алды. Әрбір келушіге (оқушы, студент, ересек адам, шетелдік турист, т.б.) қатысты дифференциальды ұстаным қалыптасты. Кеңестік Мәдениет ғылыми-зерттеу институты осы кездері «Основы экскурсионного дела», «Музей и посетитель» секілді ғылыми жинақтар шығарып тұрды. Олардың барлығы экскурсиялық істің дамуына, ғылыми тұрғыдан кемелденуіне айтарлықтай үлес қосты. 1980-1990 жылдары коммуникация теориясы арқылы кеңестік мұражайларда адамның дамуына, оның шығармашылық әлеуетіне, құндылықтарының қалыптасуына, дүниетанымдық бағдарларына, қоғаммен әлеуметтік-мәдени байланыстарына азды-кемді назар аударыла бастады. Осы кездері Қазақ КСР құрамында 19 облыс болды. Нәтижесінде әрбір облыста тарихи-өлкетану музейлері ашылды. Олардан басқа аудан орталықтарында, шағын қалаларда, кейбір университеттер мен ғылыми

орталықтарда (Ғылым Академиясы, т.б.), ірі мектептерде сан алуан тақырыптағы музейлер жұмыс істеп, келушілерді қабылдады. Ендігі жерде экскурсия жүргізушілердің штат құрамы да азды-кемді ұлғайтылып, оның ғылыми әдістемесі де жетілдіріле түсті.

Ал музейлер мекемелеріне мамандар даярлау ісі біршама кенже қалып келе жатты. Айта кету керек, 1970 жылы музей қызметкерлерінің саны 2 есеге артып, олардың жалпы саны 640 қызметкерге жеткен. Бұлардың 406-сы ғылыми қызметкер (68%) болған. Музейде жұмыс істейтін жергілікті ұлт құрамы да өсе түскен. Олардың жалпы көлемі 46% пайызға дейін өскен. Музей штаты құрамына да белгілі бір талаптар қойылды. Мәселен, облыстық музейлерде директор, бас қор сақтаушы, 2 аға ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкерден жабдықталған штаттық бірлік берілуі тиіс болды. Ғылыми зерттеулерге қарағанда, 1990 жылдардың басында Қазақ КСР-нің музейлерінде 2770 мың қызметкер тіркелген. Оның ішінде 155 қызметкерде музей ісі мамандығы бойынша білімі, ал 1136 ғылыми қызметкер мен экскурсия жүргізушілерде жоғары білім болған.

Жоғары білікті мамандарды даярлау Қазақстанда да жолға қойылды. Мысалы, 1981 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) тарих факультетінде «Музейтану» арнайы курсы (маманданымы) енгізілді. Тарихи пәндерімен бірге музейтану пәнін қоса меңгерген мамандарға музейлерде жұмыс істеуге мүмкіндіктер ашылды. Нәтижесінде ХХ ғасырдың 80-жылдардың басында республикада музейлері қызметкерлерінің көпшілігі, мәселен, 1980 жылы – 71,2%-ы, 1987 жылы – 75,7%-ы қызметкердің жоғары білім алды.

1990-2000 жылдары Қазақстандағы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайға қарамастан, музейлердің қоғамдық мәніне, оның негізгі қызметтеріне деген қызығушылық толастай қойған жоқ. Бұл кездері бірінші кезекте музейлердің мәдени-білім беру функциясына назар аударылды, мұражайдың білім беру ісіндегі концепциясы қалыптасты. Кеңестік идеологиядан арылған қазақстандық қоғам бұрын жабық болып келген тақырыптарды көте-

ріп, оған қатысты сан алуан көрмелер, презентациялық қойылымдар, жекелеген тұлғалардың ғұмырнамасын баяндайтын күндер, «Музей түні» сияқты алуан түрлі акцияларды ұйымдастырды. Мұның өзі экскурсия жүргізушілеріне деген сұранысты, олардың қызметіне деген талаптарды күшейте түсті.

Бүгінде Қазақстандағы аталмыш мәдени мекемелері музейлердің коммуникативті даму үлгісіне көше бастады, олардың қызметінде жалпылықтан жалқылыққа (келуші тұлғаға) көшу кенінен байқалды, осыған орай жеке тұлғалардың көрмелері де көптеп ұйымдастырылып жатыр. Сондай-ақ, экскурсиялық істің теориялық-әдістемелік негіздері де айқындалған. Жаңа сипаттағы музейлер, бұрыннан келе жатқан музейлерде заман талабынан туындаған залдар да, тіпті, республика аумағында жекеменшік музейлер де ашылған. Дегенмен, музейлердің дені мемлекетке қарайды, мемлекет тарапынан қолдауға сүйенеді. Осы жерде отандық музейлердің топтамасын толтыруға 2004 жылдан жүргізіліп келе жатқан «Мәдени мұра» Ұлттық Стратегиялық Жобасы оң әсерін тигізгендігін де айтып кетуге болады. Музей ісіне қатысты журналдар да үздіксіз шығып келеді. Нәтижесінде республиканың барлық өңірлеріндегі музейлердің экспозициялары қайта жаңғырды. Қазақстандық музейлердің дами бастауы, бір шетінен, жаңа коллекциялармен өз қорларын толықтыруы болса, екіншіден, музейтанудың заман ағымына сай дамуы, яғни жаңа стандарттар мен заманауи техникаға сай витриналық қондырғылармен музей ішін жабдықтау, т.б. еді.

Соңғы жиырма-отыз жылда елімізде үлкенді-кішілі ондаған музейлер ашылды. Қазір республика аумағындағы 200-дей музейлер халыққа қызмет көрсетеді. Олардың басым бөлігі заманауи технологиялармен жабдықталған, экскурсиялық қызметтері жолға қойылған. Сонымен қатар барлық университеттердің музейі, ішінара археологиялық жәдігерлермен көркемделген тарих кабинеттері бар. Мұндай үрдіс академиялық мекемелерде, жалпыға білім беру орындарында да дамып келеді. Бүгінгі таңда (соңғы жылдардағы мәліметтерге қарағанда) республикамызда тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау саласындағы мемлекет-

тік саясаттың белсенді таратушысы болып табылатын музейлерді шамамен, 1 млн. 300 мың адам тамашалайды. 20 мыңнан астам көрмелер мен дәрістер ұйымдастырылған. Қазақстан музейлері ең алдымен, халықтың баға жетпес материалдық, рухани байлығын жиақтаушы әрі насихаттаушы, сол арқылы Қазақстан азаматтарының бойына отансүйгіштікті, патриоттық сезімді ұялатушы ғылыми, мәдени, біліми орда болуға тиіс. Бұған экскурсия жүргізушілер де белсенді түрде атсалысулары керек.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Экскурсиялық істің тарихын неше кезенге бөлуге болады?
2. Экскурсиялық іс кенестік заманда қай бағытта дамыды?
3. Экскурсиялық істің даму тарихындағы негізгі бағыттарды атаныз.
4. Музейлердің ашылуы мен экскурсиялық істің дамуында қандай байланыс бар?
5. Қазіргі уақыттағы музейлердегі экскурсиялық істі бағаланыз.
6. Университетте экскурсиялық істің деңгейі қандай дәрежеде?
7. Сіз тұратын мекендегі (ауыл, аудан, қала) музейдегі экскурсиялық істі сипаттаныз.
8. Экскурсиялық істі дамыту үшін қандай практикалық ұсыныстар жасар едініз?

## **1.2. Экскурсиялық іс ғылым ретінде**

Экскурсиялық іс ғылымның дара саласы ретінде біршама кеш қалыптаса бастауда. Оның «экскурсиялық қызмет», «экскурсиятану», «экскурсиялық теория» сында балама атаулары да білім беру жүйесі мен музей саласында кеңінен қолданылып келеді. Былайша айтқанда, «экскурсиялық іс» сөздерін қазақша қолдануда әлі күнге дейін бірізділік жоқ. Дегенмен, оны экскурсиялық іс тарихын, экскурсиялық қызметтің теориясын, методологиясы мен әдістерін ашып көрсететін және туристік-экскурсиялық мекемелердің тәжірбиесін жинақтап, олардың қызметін айқындайтын кешенді ғылыми пән ретінде сипаттауға болады. Экскурсиялық іс пәнінің қалыптасуы мен дамуы «мұражай мен оған келуші» арасындағы қатынастардың өз аспектісінде зерделенуі, көптеген жаңа музейтанулық концепциялар-

дың пайда болуы арқылы жүзеге асты. Ондаған жылдарға созылған қалыптасу тарихында оның кейбір теориялары өзінің теоретикалық-әдістемелік мағынасы бойынша бір-біріне қарама-қайшы келді, бірақ сарабал ғылыми ізденістердің арқасында ғылымда экскурсиялық істің өзіндік орны айқындалды да, мұражайдағы зияткерлік-танымдық қызмет ретінде бағаланды, нәтижесінде қазіргі таңда мұражай мен оған келушілер арақатынасын, экскурсанттарға қызмет көрсетудің сапасын жетілдіретін үдерістерді зерттейтін ғылым саласы деп те белгілене бастады.

Қалай болғанда да, экскурсиялық істің өзіне тән зерттеу нысаны бар. Оған музейге келген адамдармен жүргізілетін жұмыстардың барлық саяси құбылыстары мен ағымдық үдерістері жатады. Кез келген ғылым өзге ғылымдардан өзінің зерттеу пәнімен ажыратылады. Барлық ғылымдар түрлі құбылыстар мен үрдістердің объективті шындығын зерттейді. Бірақ әр ғылымның зерттеу нысанына, біріншіден, объективті шындықтың белгілі жағы мен саласы, екіншіден, тек берілген ғылымға ғана тән арнайы даму заңдылықтары мен заңдары, үшіншіден, осы заңдар мен заңдылықтардың әрекет тетіктері мен айқындалуының ерекше түрпаттары жатады. Сондықтан осыған орай ғылымның нысаны мен пәні ажыратылады: нысанына зерттеу үрдісінің бағыты, ал пәніне зерттеу нысанын құрайтын, байланыстар мен қатынастар кіреді. Экскурсиялық істің нысанына музей жатқызылады. Тек жай ғана музей емес, онымен қабысып жатқан осы саладағы қызмет аясы, т.б. енеді. Музейтанулық зерттеудің пәні нысан қасиеті мен мәселе сипатымен айқындалады. Танымның пәнін белгілеу үрдісінде шешуші құбылыстарға экскурсия мен музейге келуші адамдардың өзара әрекеті, екі тараптың қатынастары, экскурсия жүргізушінің шеберлігі және т.б. жатады. Бұлардың барлығы да белгілі заңдылықтардың немесе үрдістердің әрекетімен астасып отырады және де экскурсиялық істің негізгі пәнін құрайды.

Экскурсиялық іс музейлер қалыптасқан соңғы екі-үш ғасырдан бері онымен бірге баяу да болса дамып келді. Осы аралықта

музейтану теориясында түрлі ғылыми ағымдар мен бағыттар, пайымдаулар мен тұжырымдамалар қалыптасты. Олардың әрқайсысы музейтанудың белгілі бір салаларын айқындады, даму көкжиектерін белгілеп, заман ағымына сай оның келешегін болжап отырды.

Десек те, бүгінгі күні экскурсиялық істің ғылым ретінде пәнін айқындау, оны жетілдіру мен тереңдету үрдісі өз жалғасын тауып келеді. Мұны ғылыми ой-сананың дамуымен, инновациялық тұрғыдан көпсалалы ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдерінің кеңінен қолданылуымен түсіндіруге болады.

Тарих және өзге де қоғамтану мамандықтары сияқты, экскурсиялық іс те сипаты бойынша екі негізгі мәселемен ұштасады. Бұл біріншіден, онда белгілі әлеуметтік заңдылықтардың орын алуы болса, екіншіден, қоғам дамуына ықпал еткен жекедара, қайталанбас құбылыстар мен үрдістердің дамуын елге нақты фактілер арқылы жеткізу миссиясын арқалайды. Экскурсиялық іс ғылым ретінде жалпы ғылыми әдістердің белгілі бір қорын, әдістемелік негіздерін пайдаланады. Ал өз кезегінде олардың арасында тарихи және салыстырмалы талдау, құрылымдық-функционалдық, жүйелік, т.б. бар. Экскурсиялық іс екі сипатта: ғылым және оқу пәні ретінде қарастырылады. Экскурсиялық іс ғылым ретінде музейтанудың сан саласын, оның ішінде экскурсиялық қызметтің пайда болуы мен дамуын, оның жолдарын жетілдіру мәселелерін зерттейді.

Экскурсиялық іс пән ретінде оқытылса мектеп оқушыларына, жоғары оқу орындары мен жекелеген адамдарға тұнған тарих мәселелері бойынша педагогикалық тұрғыдан тиянақты білім жүйесін беретіндігі өткен ғасырдың басында-ақ толымды түрде дәлелденген болатын. Ол жеке пән ретінде «Туризм» және «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтарының оқу бағдарламаларына енгізіліп, шетелдік және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында міндетті түрде оқытылады. Өз кезегінде «Экскурсиялық іс» басқа пәндермен пәнаралық байланыстар орнатқан. Олардың арасынан «Музей коммуникациясының теориясы мен практикасы», «Тарихи-мәде-

ни туризм», «Музей педагогикасы», «Қазақстанның мемориальды-культтық кешендері», т.б. атауға болады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Экскурсиялық істің теория жайлы түсінікті сипаттаңыз.
2. Экскурсиялық істі ғылым ретінде бағалауға бола ма?
3. Экскурсиялық практиканың экскурсиялық істегі орнын бағаланыз
4. Экскурсиялық іс басқа пәндермен байланысы қандай?
5. Экскурсиялық іс және оның теориясы жайлы не білесіз?
6. Экскурсиялық іс ғылым ретінде қандай әдістемені пайдаланады?

## 1.2. Экскурсияның мәні

«Экскурсия» сөзінің түпкі мәні латын тіліндегі «excursio» терминінен алынады, ол бүгінгі күні «сапар», «серуендеу» деген мағына береді. Басында бұл сөз «әскери шапшаңдық», кейіннен «серуенге шығу», «жорық» деп белгіленген. Аталған термин Ресейде ХІХ ғасырдан қолданылып келе жатыр. Экскурсия – жеке тұлғаның уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып көруі. Яғни бір тәуліктен аспаса онда жасалынған сапар «экскурсия» деп аталады. Сайып келгенде, экскурсия ғылыми, білім беру, танымдық, мәдени-ағарту, демалу, т.б. мақсаттарда белгілі бір орындарға ұйымдастырылатын ұжымдық сапар немесе жорық. Экскурсияның мазмұны зерттеу нысанына (табиғат, музей, өндіріс, архитектуралық кешен, тарихи оқиғалар болған орын, т.б.) байланысты болып келеді. Тақырыбы бойынша экскурсиялар мәдени-тарихи, ғылыми жаратылыстану, өндірістік, өлкетану, т.б. болып жіктеледі. Экскурсия оқу жүйесіне байланысты мектептерде жиі қолданылып келеді. Мұндай жағдайларда экскурсия оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге бейімдейтін оқу-бағдарламалық және мектептен тыс экскурсиялар болып бөлінеді. Экскурсия негізіне оның ақпараттық бөлімі, қоршаған ортамен байланысы, ғылыми мәнімен, адамдардың бір-бірімен байланысы, оның идеялығы сияқты аспектілер жатады. Сөйтіп, халық арасында мәдени-ағарту жұмысының

маңызды бөлігі ретінде экскурсиялық іс жолға қойылған деуге болады. Оның тарихы жалпы өткен ғасырларды қамтығанымен, бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдерде ең дамыған кезі ХХ ғасырдың 70-80-жылдары деп есептелінеді. Осы кездері экскурсия қосымша білім алудың негізгі түрпаты тұрғысында қоғамға кеңінен тарады, арнайы нұсқаулар бойынша жоспарлы түрде мектеп оқушылары экскурсияға шығып отырды. Әсіресе, пионерлер лагерьлерінде, жазғы демалыстарда немесе көктемгі мейрам күндері мектеп оқушылары экскурсияға барып келіп жатты. Осы кездері экскурсияның мәні мен жас жеткіншектерді тәрбиелеудегі рөлі жан-жақты талданды, ендігі жерде экскурсия өткізген уақыты бойынша емес, тақырыбы бойынша жүйелене бастады.

Экскурсияның даму жолы оның мәнінің өзгеруімен тікелей қабысады. Бастапқыда ол практикалық міндеттері бар серуен болды, мысалы, дәрілік шөптерді іздестіру, т.б. Бұдан кейін ол алдына ғылыми міндеттерді: мысалы, өлкетану музейлеріне арнап жәдігерлер іздестіруді, т.б. қойды. Біліктілікті арттырудың жаңа түрпаттарын іздестіру экскурсия алдына жалпы білім беру мақсатын шығарды. Ал тәрбие жұмысын жақсартуға деген ұмтылыс экскурсияны мәдени-ағарту жұмыстарының біріне айналдырды. Сөйтіп, қазіргі таңда экскурсия өзінің арнайы функциясы мен белгілері, өзіндік жеке-дара әдісі бар біртұтас жүйе ретінде бағаланады. Ол мазмұны, жүргізу тәсілдері мен материалдарды жеткізу әдісі бойынша кемелденген және де идеялық-тәрбиелік және мәдени-бұқаралық жұмыстың келелі бір бөлігі ретінде сипатталады.

*1-кесте.*

**Экскурсия мақсаты мен міндеттері. Авторы – Б.В.Емельянов.**

№ р/н	Мақсаты	Міндеттері	Өткізу формалары
1	Демалыс	Дәрілік шөптерді, жеміс-жидектерді іздестіру	Серуен
2	Оқу	Оқу пәндері (ботаника, география, тарих) бойынша	Сыныптан тыс бөлмедегі сабақ

		ша балалардын білімді игеруі	
3	Ғылыми	Өлкетану мұражайына жәдігерлер табу	Экспедиция
4	Жалпы білім беру	Жалпы мәдени ой-танымды кенейту	Туристтік сапарда әңгімелесу, транспорттық саяхаттағы жолдағы экскурсиялық ақпарат
5	Мәдени-ағартушылық	Тарих, сәулет өнері, әдебиет және басқа салалар бойынша білім деңгейін арттыру	Көп жоспарлы экскурсиялық шолу
6	Мәдени-тәрбиелік	Білімді тәрбиемен ұштастыра меңгеру	Тақырыптық экскурсия

Экскурсияны адамдар әрқалай пайдаланады. Одан адамдардың бір бөлігі білім қазынасын іздестірсе, келесілері жекелеген мәселелерді (өнер туындыларын, табиғат құбылыстарын, адамның күнделікті тыныс-тіршілігін, т.б.) пайымдауға ұмтылады. Ол ақыл-ойдағы білімді нақтыландырады, ұлғайтады, табиғат пен адамдар өміріндегі құбылыстар байыбына терең түсінуге жетелейді. Сайып келгенде, экскурсия алдын ала тандап алынған нысандарды көзбен көріп, ол жайында толымды ақпарат алатын таным үрдісі саналады. Нысанды көрсету білікті экскурсия жүргізуші жетекшілігімен жүзеге асады. Экскурсия жүргізуші тындармандарға сол нысан жайлы тарихи құбылыстардың барлығын әңгімелеп береді. Қысқаша қайырғанда, «экскурсия» деген адамдар тобына берілетін білім жиынтығы және оны жеткізу қызметінің белгілі бір жүйесі болып табылады.

#### Бақылау сұрақтары:

1. «Экскурсия» сөзінің түпкі мәні не?
2. Экскурсияның туындауына әсер еткен негізгі жағдайларды көрсетіңіз.
3. Экскурсия мақсаттарының дамуын айқындаңыз.
4. Экскурсияның дамуындағы мақсаты мен міндеттерін жіктеніз.
5. Экскурсияның оқу жүйесіндегі орнын бағаланыз.
6. Экскурсияның әртүрлі аспектілерін көрсетіңіз.

#### 1.4. Экскурсия қызметі мен белгілері

Қай ғылым болмасын белгілі бір қызметтерді (функцияларды) атқарады. Оған ең алдымен, көпшілігінде танымдық қызмет жатады. Көрсетілетін нысандардың көптігі, сан салалы тақырыптар, экскурсия жүргізу әдістемесінің жолға қойылуы, экскурсия жүргізушінің кәсіби шеберлігі адам тәрбиесі мен білім алуында үлкен рөл атқаратын экскурсияның белгілі бір қызметтерді атқаруына мүмкіндік береді. Кез келген мәдени-ағартушылық жұмыс формасы өзінің табиғатына қарай басқалардан өзгешеленетін белгілерден тұрады. Экскурсияның негізгі белгісі – көрнекіліктің ең жоғарғы дәрежесі. Оның осы таңғалтпесті, онымен астасып жатқан басқа да белгілері бар.

Экскурсия қызмет түрі ретінде бірнеше функцияларды атқарады.

*Ақпараттық-танымдық функция.* Кез келген экскурсия өз тақырыбы бойынша белгілі бір мәдени қабаттарды немесе табиғи ортаны игеруді жоспарлайды. Мейлі ол өндіріс орны, ғарыш айлағы, архитектуралық кешен, тарихи оқиға (жиын (мысалы, Ордабасыдағы басқосу), шайқас, т.б.) болған жер немесе табиғи ландшафт болсын, нәтижесінде экскурсияға шығушы (келуші) тың мағлұматтар алады. Сол себепті де әрбір экскурсия толымды, ғылыми негізделген, мұқият тексерілген ақпараттар легін қамтуы тиіс.

*Тәрбиелік функция.* Экскурсия өз кезегінде келген экскурсанттарға белгілі бір тақырып бойынша білім беріп қана қоймайды, сонымен қатар олардың белгілі бір жайтқа деген өзіндік қатынасын, пайымдауы мен ой-пікірін қалыптастырады. Бұл экскурсия жүргізушіге экскурсанттар тобында бірдей ойлау мен жалпы күйзелу үдерісін қалыптастырып, олардың дүниетанымына, тәртіп нормалары мен тілдің этикетіне ықпал тигізуді міндеттейді. «Тәрбие» түсінігі көп қырлы екендігіне қарамастан, экскурсияда идеялық-саяси, патриоттық, рухани және эстетикалық, еңбек ету мен физикалық тәрбиелер де астасып жатады. Тақырыптық экскурсияның әрбір тобының өзіндік тәрбиелік

мәні бар. Табиғаттану экскурсиялары табиғатты, жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғауды, оларға іңкәр сезіммен қарауды адам бойында қалыптастырады. Өнертанулық экскурсиялар экскурсанттарды эстетикалық тұрғадан тәрбиелеуге бағытталған. Өндірістік орындарға жасалған саяхат еңбекке деген құрметті оятады. Ал этнографиялық экскурсиялар түрлі халықтардың дәстүріне, жосын-жоралғылары мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарауға жетелейді. Экскурсияда тәрбиелік әсер беруге қол жеткізу үшін көркем, ғылыми-көпшілік фильмдердің үзінділері мен құжаттық фильмдер көрсетілуі ықтимал, сондай-ақ қоғам және мемлекеттік қайраткерлердің аудио жазбалары тыңдатылуы, кәсіпорын немесе мекеме басшыларымен кездесулер ұйымдастырылуы мүмкін. Экскурсияның маңызды бөлігінің бірі оның тамамдалған кезі болып табылады, бұл уақытта экскурсия жүргізуші экскурсанттардың алған білімдерін түрлі шолулар, сауал-жауаптар арқылы бекіте түседі.

*Ойын-сауық – демалыс функциясы.* Экскурсия жүргізуші экскурсияға келген адамның танымын ғана емес, сондай-ақ демалысқа келгендігін, мұнда ол өзінің бос уақытын тиімді пайдаланумен жүргендігін естен шығармағаны жөн. Сол себепті де экскурсия бір жақты тек қана танымдық қызмет түріне айналып кетпеуі керек. Бір шетінен экскурсия мәнін ойын-сауыққа айналдырып жіберуге де болмайды. Экскурсия жүргізуші осы екі тарапты да қанағаттандыратын позицияны таңдап алуы тиіс.

*Эстетикалық функция.* Экскурсанттардың эстетикалық талғамын оятуда аталған функцияның маңызы зор. Экскурсия кезінде келушілерге күнделікті күйбең тіршілікте мән беріле қоймайтын жайттарға баса назар аударуы қажет, бұл жерде қоршаған ортаның әсемдігі, нысандардың өзіндік ерекшеліктері мен құндылықтары мәнерлі тілде жеткізіліп, рухани өмірдегі алар орны әсерлі түрде баяндалынады. Бұған экскурсия жүргізуші шеберлігі өз ықпалын тигізеді.

*Қатынасты (коммуникативті) функция.* Экскурсияға қатысушылардың өзара пікір алмасуын рухани-ақпараттық түрге жатқызуға болады. Экскурсия әсері тек қана экскурсия жүргі-

зушінің тақырып аясындағы білім деңгейімен немесе сан алуан ақпараттар легін шебер жеткізе алуымен ғана шектелмейді, ол сонымен қатар экскурсия мүшелерімен қатынас орната алуымен де ерекшеленеді. Яғни экскурсия жүргізуші экскурсанттардың әрбір мүшесімен, автобус жүргізушісімен, музей қызметкерлерімен тығыз қарым-қатынас орнатуы керек. Бұл оның жеке басында адамгершілік, ізеттілік, кішіпейілділік, т.б. қасиеттер мол екендігін, арада ешқандай кедергісіз аудиториямен қатынас орната білетін жайдары мінезді жан болып табылатындығын көрсетеді. Ал экскурсия жүргізушінің көңіл-күйі, сөйлеу мәнері экскурсияның табиғатына өзіндік әсерін тигізетіндігі де белгілі.

Жоғарыда айтылған функциялардың кемінде үшеуі кез келген экскурсияда кездесіп жататын қалыпты жағдай. Экскурсия кезінде аталған функциялардың әрбірі сан түрлі деңгей-дәрежеде орын алуы ықтимал.

**Бакылау сұрақтары:**

1. Экскурсия белгілерін сипаттаңыз.
2. «Функция» мәнін ашыңыз.
3. Экскурсиядағы негізгі функцияларды атаңыз.
4. Экскурсиядағы функциялардың өзара қарым-қатынасын қалай бағалайсыз?
5. Коммуникативті функция мәні неде?
6. Эстетикалық функцияны түсіндіріңіз.
7. Ойын-сауық – демалыс функциясын сипаттаңыз.
8. Тәрбиелік функцияны педагогикалық тұрғыдан түсіндіріңіз.

### **1.5. Экскурсиялық таным әдісі**

Экскурсиялық таным әдісі – күрделі мәселелердің бірі. Өйткені ол философиялық категориялармен астасып жатыр. Зерттеу немесе тану жолы деген мағына беретін әдістің өзі көздеген мақсатқа жетудің тәсілі, ретке келтірілген ғылыми қызмет жүйесі болып табылады. Философиялық тұрғыдан алғанда әдіс зерттелетін нәрсенің ойша нұсқасын жасау үшін керекті таным құралы болып табылатындығы да белгілі. Осы жерде айта

кететін жайт, экскурсиялық таным әдісі оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін экскурсия жүргізуші мен экскурсант арасындағы бірлесіп рухани кемелділікке жету үшін қолданылатын тәсілдердің жиынтығы болып та табылады. Таным әдістері арқылы белгілі бір мақсаттарға жету үшін атқарылатын жұмыстар ретке келтіріледі. Нәтижесінде экскурсиялық таным әдістері тәлім-тәрбие мен ілім-білімге қызығушылық туғызып, экскурсияға келушінің ақыл-ойын дамытады, ізденуге, тың білімді ұғынуға әсерін тигізеді. Экскурсиялық таным әдістері шынайы тарихи материалдар жайындағы ақпараттарды білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибе арасын жақындата түседі.

Экскурсиядағы таным үдерісі *көрнекілік, қабылдау (сезіну, ұғыну) және түсініктер қалыптастыру* сынды тізбе бойынша жүргізіледі. Таным үдерісі ретінде экскурсия адамдардың тақырыптық-сезімдік және практикалық қызметінен тұрады. Тарих ескерткіштері, табиғат, тарихи орындар, т.б. таным нысандары (объектілері) болып табылады. Таным үдерісі адамның сезім мүшелерінің қабылдауы арқасында олардың нысан арасындағы байланысы орнатылған кезден басталады. Экскурсанттардың абстрактілі ой-санасында таным үдерісі жалғаса береді. Олардың негізінде экскурсанттар қорытынды пікірлерге келеді. Экскурсия таным үдерісі ретінде екі бөліктен тұрады, олар: сезімді таным (сезіну, қабылдау, ұғыну) мен логикалық таным. Аталған бөліктер экскурсияның негізі саналады.

Сайып келгенде, экскурсиялық әдіс экскурсиялық үдерістің негізі болып табылады және оған қатысты ілім әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы ретінде сипатталады. Жиынтық негізі көрнекіліктен, міндетті түрде тұратын көрсетілім мен баяндаудан, үш тараптың (экскурсия жүргізуші, нысан мен экскурсант) өзара қарым-қатынасынан, белгілі бір бағыттағы экскурсанттар қозғалыс нөпірінен тұрады. Экскурсиялық әдістің мақсаты оқыту (белгілі бір білімдер жүйесін беру) және тәрбиелеу. Оқу мекемесіндегі тәрбиеден оның айырмасы көп, өйткені ол экскурсиялық нысандар, экскурсия жүргізушімен байланыс, тығыз